

**Ұлытау облысы білім басқармасының
«Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
САПА САЯСАТЫ**

Сапа саясаты Педагогикалық кеңестің шешімімен қабылданған және мектептің миссиясына, құндылықтарына, көзқарастарына негізделген. Бұл құжат білім беру қызметінің барлық аспектілерінде сапа мәдениетін құруға және дамытуға бағытталған стратегиялық құжат болып табылады.

Біз дарынды балаларды анықтауға және оқытуға, олардың болашақта Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосуы үшін олардың әлеуеті мен шығармашылығын дамытып, жүзеге асыруға міндеттеміз.

Біз мектептің «Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өзін – өзі дамыта алатын зияткер тұлға даярлау» миссиясын Адамгершілік, Білім, Отансүйгіштік, Ынтымақтастық, Кемелдік құндылықтарға негіздеп жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Біздің пайымымыз: 2030 жылға дейін Қазақстандағы 100 үздік мектептің қатарында болу.

Мектептің сапа саясаты келесі бағыттарды жүзеге асырады:

- мұғалімдерге қолдау көрсету, олардың кәсіби өсуіне мотивация мен жағдай жасау;
- білім алушылардың ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру;
- білім алушылардың сапалы білім алуына, олардың ғылыми жұмыстар мен конкурстарға қатысуына ықпал ету;
- білім алушылардың зияткерлік, рухани, адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.

Сапаға қол жеткізу саласында осы бағыттарды іске асыру үшін біз келесі міндеттерді шешуге жұмыс жасаймыз:

- шығармашылық байқауларға қатысу, қосымша білім беруді жүйелі түрде қамтамасыз ету;
- мектептің оқу-тәрбие үдерісіне озық тәжірибені енгізу;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты жақсарту, ынтымақтастық атмосферасын құру;
- мұғалімдер мен білім алушылардың ақпараттық және цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру;
- мұғалімдердің авторлық курстарын әзірлеуі;
- қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету.

Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы сапалы мақсаттарға қол жеткізуге толықтай ұмтылады. Әрбір мұғалім мен мектеп қызметкері өз құзыреті шегінде орындалған жұмыстың сапасы үшін жеке жауапкершілікте болады.

Біз, білім сапасын арттыруға бағытталған барлық үдерістер мен іс-шараларды қолдаймыз, сапа мәдениетін үнемі дамытып, оны білім алушылардың бойына сіңіруге ұмтыламыз.

Директор



Д.О. Капарова